

"Алматы Темекі Компаниясы" акционерлік қоғамына жер учаскесін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 желтоқсан N 1564

Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Филип Морис Интернэшнл Инвестмент Корпорейшн арасында 1993 жылдың 27 қыркүйегінде жарғылық капитал сатып алу туралы жасасқан, "Алматы Темекі Компаниясы" акционерлік қоғамына жарғылық капиталын сатып алу туралы шартқа өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 18 қазандағы N 1169 қаулысымен мақұлданған 1994 жылғы 6 қазандағы өзгерістер мен толықтырулар бар шартты орындау үшін және "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы 81-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Алматы Темекі Компаниясы" акционерлік қоғамы Алматы облысының Іле ауданындағы Энергетический поселкесінен жаңа темекі фабрикасын салуға ауыл шаруашылық емес мұқтаждарға арнап 32 гектар ауыл шаруашылығы жерін алуға байланысты келтірілген ауыл шаруашылығы өндірісі шығындарын өтеуден б о с а т ы л с ы н .

2. Алматы облысының әкімі жоғарыда аталған шартқа сәйкес "Алматы Темекі компаниясы" акционерлік қоғамымен 32 гектар жер учаскесін жалға беруге шарт жасасуды, сондай-ақ жаңа темекі фабрикасы құрылысының жобасын жүзеге асыруға қажетті барлық рұқсаттарды (лицензияларды) заңда белгіленген тәртіппен беруді қамтамасыз етсін. 32 гектардан артық мөлшерде жер учаскесін беру қолданылып жүрген заңдардағы норма негізінде жүргізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі